

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды
молықтыру және пайдалану саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын
және тексеру парағын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 721 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 835 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12779 болып тіркелді.

"Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 26.01.2016 ж.; ҚР
НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
01.04.2016 ж.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. "Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 431 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 474 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11792 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 6 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күннің ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін алған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика	Энергетика
министрінің	министрі
міндетін атқарушы	_____ В.

_____ М. Школьник
Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы
_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан
Республикасы
Ұлттық
экономика
министрінің
міндетін
атқарушының
2015 жылғы 30
желтоқсанындағы
№ 835 және
Қазақстан
Республикасы
Энергетика
министрінің
2015 жылғы
15
желтоқсанындағы
№ 721 бірлескен
бұйрығына
1-қосымша

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру
және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттары**

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР
Энергетика министрінің м.а. 12.12.2017 № 448 және ҚР
Ұлттық экономика министрінің 15.12.2017 № 419 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.*

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 722 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12389 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда) тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыруы әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы

тексеру субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу анықтау үшін қалыптастырылды.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылықтар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, халықтың өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіру алғышарттарын тудырмайтын, бірақ қызметін жүзеге асыру барысында табиғат пайдаланушыларға орындалуы міндетті болып табылатын талаптарды бұзу; сондай-ақ расталған бір өтініш немесе шағымның болуына; аудиттің нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына өзгерістер енгізу ұсынымдарын беруге мүмкіндік беретін фактілердің болуына байланысты бұзушылықтар;

2) елеулі бұзушылықтар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, халықтың өміріне және денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіру алғышарттарын тудыратын бұзушылықтар; сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп жүргізуге; міндетті экологиялық сақтандырудың болмауына, дұрыс емес есептілікті тапсыруға; белгіленген есептілікті бермеуге; бақылаудағы субъекті бойынша расталған екі өтініш пен шағымның болуына; аудиттің нәтижелері бойынша эмиссияларға рұқсат талаптарына өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін фактілердің бар болуына байланысты бұзушылықтар;

3) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адам өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

4) өрескел бұзушылықтар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, заңнаманың тыйым салатын нормасын сақтамауына байланысты бұзушылықтар (тыйым салынады, жол берілмейді, рұқсат берілмейді); сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша аудиттелетін субъектінің қызметін тоқтата тұруға әкелетін фактілердің болуы; сондай-ақ расталған үш және одан да көп өтініш пен шағымның болуы; бақылаудың өзге нысандарының нәтижелері бойынша анықталған ластаушы заттардың төгінділері мен шығарындылары, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын

белгіленген лимиттен тыс орналастыру; атмосфералық ауаның, жер бетінің, жер асты суларының және топырақ жамылғысының жоғары және өте жоғары ластануы, табиғат қорғау заңнамасын бірнеше рет бұзу (соңғы жылда жылына 2 рет);

5) тәуекелді бағалау жүйесі - тексерулерді белгілеу мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметі нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3. Ішінара тексеру жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспайды.

4. Ішінара тексерулер жүргізілетін талдау және бағалау нәтижелері бойынша жартыжылдыққа қалыптастырылатын, реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысымен бекітілген ішінара тексерулердің тізімдері негізінде жүргізіледі. Ішінара тексерулер тізімдері тиісті есептік кезең басталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберіледі.

5. Ішінара тексерулердің тізімдері:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығын;

2) мемлекеттік органның тексерулерді жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелерін ескере отырып жасалады.

2-тарау. Ішінара тексерулер жүргізуге арналған тәсілдер

6. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы ішінара тексерулерге арналған тәуекел дәрежесін бағалау

өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Бірінші кезекте табиғат пайдаланушыларды тәуекел дәрежесі бойынша тексерілетін субъектілерге (объектілерге) жатқызу тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары негізінде іске асырылады. Тәуекелді анықтағаннан кейін тексерілетін субъектілер (объектілер) екі тәуекел дәрежесі бойынша (жоғары және жоғары дәрежеге жатпайтын) бөлінеді.

Жоғары тәуекел дәрежесінің объективті өлшемшарттарына:

1) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 40-бабына сәйкес 1, 2-санаттағы шаруашылық қызмет субъектілері (объектілері);

2) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 40-бабына сәйкес 3, 4-санаттағы шаруашылық қызметтің келесі субъектілері (объектілері) қоршаған ортаға әсерінің сипаты және дәрежесі бойынша:

химиялық өндіріс;

металлургиялық, машина жасау объектілері;

пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша объектілер;

құрылыс өнеркәсібі (цемент және жергілікті цементті өндіру, асбест және одан жасалған бұйымдарды өндіру, шахталы, айналмалы және басқа пештерде күйдірумен магнезит, доломит және шамот өндірісін, стационарлық зауыттардағы асфальтбетон, темірбетоннан жасалған бұйымдар өндірісін, сондай-ақ құрылыс материалдарын қабылдау, сақтау және өткізу), шығарындылардың көлемі жылына 50 тоннадан асатын құрылыс саласындағы қызмет;

микробиологиялық өнеркәсіп;

отын жағудан шығатын электр және жылу энергиясын өндіру (отын ретінде көмір, мазут, табиғи газ пайдаланатындар);

Парниктік газдар шығарындаларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына енгізілген парниктік газдарды квоталау субъектілері;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру және рекреациялық мақсатындағы қорғау аймағы шекарасының шегінде қызметін жүзеге асыратын субъектілер;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын қабылдау, кәдеге жарату, өңдеу, орналастыруды жүзеге асыратын

субъектілер;

коммуналдық шаруашылық субъектілері (оның ішінде, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бөлу, коммуналдық қалдықтарды жинақтау, сақтау және өңдеу объектілері), сондай-ақ қоршаған ортаға әсер ететін стратегиялық маңызды субъектілер (су электр станциялары, жинақтағыштар, су қоймалары және басқалары);

мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және өткізуді жүзеге асыратын субъектілер;

көлік құралдарын шығаратын және көлік құралдарымен (жүк, жеңіл, теміржол, ауа, су, автобус) тасымалдау саласында қызмет ететін субъектілер жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша талдау жасалғаннан кейін осы тармақтың 1), 2) тармақшаларына кірмеген субъектілер (объектілер) объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтын субъектілерге жатқызылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектілер (объектілер) одан әрі объективті өлшемшарттар бойынша бағалауға жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай:

1) ақпарат жинау және деректер базасын қалыптастыру;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

9. Деректер базасын қалыптастыру мақсатында ақпарат жинау заңнаманы бұзатын тексерілетін субъектілерді (объектілерді) анықтау үшін жүргізіледі және мынадай ақпарат көздерінен:

1) тексерілетін субъектілермен (объектілермен) ұсынылатын есептілікті мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер нәтижелерінен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, бұзушылықтың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парағында көрсетілген заңнама талаптарын сақтамау жағдайында белгіленеді;

3) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен расталған өтініш пен шағымдардың болуы және олардың саны;

4) жүргізілген экологиялық аудит нәтижелері.

5) бақылаудың өзге нысандарының нәтижелері;

6) уәкілетті органдармен және ұйымдармен

ұсынылатын мәліметтер талдауының нәтижелері.

10. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары үш бұзушылыққа бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Тексерілетін субъектіні тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің келесі тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кездетексерілетін субъектіге тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші белгіленеді және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіштерінің қосынды мәні есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$$

мұндағы:

ΣP_3 – елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – елеулі дәрежедегі бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_n = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$$

мұндағы:

ΣP_n – болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – болмашы дәрежедегі бұзушылықтардың жалпы саны;

ΣP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (ΣP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу арқылы келесі формула бойынша анықталады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_n$$

мұндағы:

ΣP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP_3 – елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_n – болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы Өлшемшарттарға Қосымшада келтірілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект) мыналарға жатқызылады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі;

2) жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесі – 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізілмейді.

11. Талдау мен бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Қоршаған
ортаны қорғау,
табиғи
ресурстарды
молықтыру және
пайдалану
саласындағы
тәуекел
дәрежесін
бағалау
критерийлеріне
қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Ақпарат көзі	Өлшемшарттар
міндетті есептілікті мониторингілеу нәтижелері	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті о белгіленген есептілікті ұсынбау
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті о емес есептілікті тапсыру
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті о белгіленген мерзімдерді бұза отырып, есептілік
алдыңғы тексерулер нәтижелері	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп
	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, кә және залалсыздандыру ережелерін бұзу
	Жалпы экологиялық талаптар

	<p>Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін пайдалану мақсатындағы және мелиорациялық объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзетілетін объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздік қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологияларға тиіс</p>
	<p>Қоршаған ортаны қорғау сапасының нормативтерін қамтамасыз ететін қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды тегінділерді тазарту, залалсыздандыру және кәсіпорындар бойынша қондырғылар мен жабдықтарсыз кәсіпорындар имараттарды және басқа объектілерді пайдалануға салынады.</p>
	<p>Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың болмауы</p>
	<p>Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатында көрсетілген пайдалану шарттарын орындамау</p>
	<p>Әрбір объектіде өндірістік экологиялық бақылау ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше тағайындалған қызметкердің болмауы</p>
	<p>Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу сондай-ақ оны жүзеге асырусыз және растайтын қоршаған орта өндірістік экологиялық бақылауды іске асыру</p>
	<p>Анықталған сәттен бастап екі сағаттың ішінде қоршаған орта ластануымен авария болғаны туралы, сонымен қатар ішінде өндірістік экологиялық бақылау жүргізу анықталған Қазақстан Республикасының экологиялық заңдар бұзу фактілері туралы қоршаған ортаны қорғау сәт уәкілетті органға хабарламау</p>
	<p>Аккредиттеу туралы куәліктің немесе Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңна белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік тәуелсіз зертханалармен шарттың болмауы</p>
	<p>шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін "Міндет сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы міндетті экологиялық сақтандыру шартының болмауы</p>

	<p>Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль көлік құралдары үшін белгіленгеншекті жол басыңарындылар нормативтерін сақтамау</p>
	<p>Анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көп экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын журналдарының болмауы</p>
	<p>Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспарланатын</p>
	<p>Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды ұйғарымдарды орындамау</p>
	<p>Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері</p>
	<p>Қоршаған ортаға әсер ететін жоспарланатын қызмалды және жобалық құжаттарына, сатыларға сәйкес ортаға әсерін бағалау ілеспе материалдарымен, экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобасы экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге мүмкін Қазақстан Республикасы нормативтік құқық актілерге, нормативтік-техникалық және нұсқаулық құжаттарға мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қор мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және оларды кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және экономикалық негіздемелердің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын пайдалануға арналған биологиялық негіздемелері экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>Қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экологиялық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметін жасауға арнайы режиміндегі аумақтарды салудың (дамыту) жоспарларының жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының болмауы</p>
	<p>Осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдарына мемлекеттік сараптама қорытындысының болмауы</p>

	Шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер е немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекетте табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халық шарттарында айқындалған, оның ішінде "Байқоңыр бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет мемлекеттік экологиялық сараптамақорытындысыны
Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық та	
	Топырақтың ластануы, қоқыстануы, тозуы және құ төмендеуі, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатын
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезін	
	Уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін бол технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулай қойнауын пайдаланудың қалдықтарын ұйымдасқан т сақтаудың инженерлік жүйесінің болмауы
	Ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын табиғи аумақ жағдайларда, ұрасыз технологияның болмауы
	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар к шламдарды кәдеге жарату және бұрғылау процесін пайдалану, қоршаған ортаға қайтару үшін, пайда бұрғылау ерітінділерін, бұрғылаудан, карьерлер шахтадан шыққан сарқынды суды бейтараптандыру жұмыстарды белгіленген талаптарға сәйкес жүргі
	Қызметі жер асты суы объектілерінің жай-күйіне ететін немесе зиянды әсер етуі мүмкін шаруашыл субъектілерінің су объектілерінің ластануын жә болғызбайтын шараларын қабылдамауы
	пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымалар жүргізілетін ауданда жақын жердегі ұңғымаларда бұлақтардағы, құдықтардағы судың сапасына қорш қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласын мемлекеттік органдармен және халықтың санитарл эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мем органмен келісілген жоспар бойынша су пайдалан күшімен жүйелі зертханалық байқаулар ұйымдасты
	Жер асты суларын барлау және (немесе) шығару к экологиялық талаптар
	Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамас талаптарды орындау бөлігінде жер асты суларының барлау мен игеру келісімшартының шарттарын сақ
	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығ жүргізген кезде кешенді қалпына келтіру жұмыст

	Жер астының ашылған су тұтқыш жиектерінің ласт болғызбайтындай сенімді оқшаулаумен қамтамасыз
	Су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық
	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіп басқа да құрылыстарды қоршаған ортаны қорғауды қойнауын қорғаудың, су ресурстарын молайту мен пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай о ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық с ескере отырып орналастыру
	Сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологи
	Табиғат пайдаланушы сарқынды су жинақтауыштард ортаға әсерін тигізбеу бойынша, осы жинақтауыш жатқан жерлерді, пайдалануды тоқтатқаннан кейі бойынша шара қолданбауы
	жерасты сулары минералға қаныққан, ауызсу, бал техникалық қажеттіліктер үшін, сондай-ақ ирриг шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын немесе болмайтын, жерасты сутұтқыш белдеулерге сарқын айдауды қоспағанда, нормативті көрсеткіштерге тазартылмаған суларды төгу
	Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қара орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздер санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттарда түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағыз
	Сарқынды суды су объектілеріне, жер қойнауына, жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне а асыратын немесе су бөлудің тұйықталған циклінд істейтін табиғат пайдаланушылардың су көлемін су тұтыну мен су бөлу аспаптарын пайдаланбауы
	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемле аймағында шаруашылық және өзге де қызметті ж кезіндегі экологиялық талаптар
	Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айда бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі операциял асыру үшін Каспий теңізінің солтүстік бөлігінд мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде арна болмауы
	Бұрғылау платформасында (барждаа) және оған қы кемелерде сарқынды суларды тазарту мен залалсы немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыл

	<p>арналған қондырғылардың болмауы. Қоқысты жинау (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғы болмауы. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы және медициналық және тамақ қалдықтарын бұрғылау платформалары (баржалар) инсинерациялау</p>
	<p>Бұрғылау қондырғыларында Халықаралық теңіз ұйымының тұлғалық тұлғалық газ шығарындыларының шекті мәнделер талаптарына сай келетін іштен жану двигателдері</p>
	<p>Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір құрылысында және әрбір кемеді төгілудің зардап және жинау үшін материалдар мен абсорбенттерді</p>
	<p>Теңіздегі өндірістік (бұрғылау, өндіру, пайдалану объектілерде және оларға қызмет көрсететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейіннен кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғылары арналған қондырғының болмауы. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) тиісті құрылғының болуы</p>
	<p>Теңізде барлау мен өндіру кезіндегі экологиялық</p>
	<p>Кеме қатынауға болатын акваторияда мұз қабаты жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформалар жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуі үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі құралдар бірге болуымен жүзеге асырылуға тиіс.</p>
	<p>мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялық алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шаралар болмауы</p>
	<p>Кеме жүзуіне қойылатын экологиялық</p>
	<p>кемелерді отынды жабық алып жүру жүйелерімен, сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстар айналымына төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік құрылғылармен жабдықтау</p>
	<p>Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңіз заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдар химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын контейнерлердің және арнаулы ыдыстардың болмауы</p>
	<p>Теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағар материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің болмауы</p>

	<p>Кемелерді кеме палубаларының мұнай өнімдерімен су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағу бермейтін жабдықпен жарақтау</p>
	<p>Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекет қоршаған ортаның мониторингін жүргізу</p>
	<p>Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекет аймағында шаруашылық қызметін жүзеге асыратын пайдаланушы өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезеңінен бастап жыл сайын (мұзбе теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингін қоспағанда, төрт климаттық маусым бойынша) барлық аумағы бойынша қоршаған ортаға өндірістік мониторингін жүргізу</p>
	<p>Өндірістік мониторинг өткізу кезінде жер қойнауы пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижесі ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарттық аумағының айналасында) орналасқан, жұмыс істеп тұрған объектілердің көрсеткіштерін пайдалануға тиіс</p>
	<p>Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаға авариялық ластану салдарының мониторингін кідірісін ұйымдастырылады</p>
	<p>Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу экологиялық талаптарын қанағаттандыру</p>
	<p>Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар түзілетін заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу шаартында кездеуге, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға және оларды кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою жөніндегі іс-шараларды орындауға міндетті</p>
	<p>Қалдықтарды көму кезінде топырақ сеуіп, тығыздығын қауіпсіз қалдықтарды қолдану жағдайларын қоспағанда қалдықтарды қауіпсіз қалдықтармен, сондай-ақ өндіріс қалдықтарды өндіру, тасымалдау және сақтау процесінде өзара араластыруы</p>
	<p>жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен алынған қалдықтарды орналастыру мен жою</p>
	<p>Қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өңдегеннен кейін жылдан аспайтын немесе оларды көмгенге дейін басып аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтау үшін арналған объектілер уақытша сақтау орындарының болмауы</p>

	<p>I және II санаттағы табиғат пайдаланушы бекіткі басқару бағдарламасының болмауы; қалдықтарды қайта өңдеуді немесе олардың көлемін және қасиеттерін өзге де тәсілдермен азайтуды жүзеге асыратын сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органымен қалдықтарды басқару бағдарламасының болмауы</p>
	<p>Қауіпті қалдықтар паспортының болмауы</p>
	<p>қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіптілік туралы бумасында таңбалаудың болмауы. Мұндай қалдықтарды тұлғаларға белгілі бір мерзімге берген кезде қолдану меншік иесі оларды осы қалдықтардың қауіптілік туралы және олармен жұмыс істеу кезінде сақтық туралы жазбаша нысанда хабарлайды</p>
	<p>Полигонның иесінде учаскеде қабылданған қалдықтардың алынғанын жазбаша растауының болмауы және құжаттарды жыл бойы сақтамауы</p>
	<p>Қауіпті қалдықтар орналастырылған жер қалдықтарының қауіптілік деңгейі және көмілген күні көрсетілген жерде жақсы көрінетін жерде айырым белгілерінің болмауы</p>
	<p>Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды, және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорында және авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдар жүргізілуінің болмауы</p>
	<p>Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтардың пункттерінде жойылуы қиын органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсер ететін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарының болмауы</p>
	<p>Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өндіріс түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлеріне белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлер (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) болмауы</p>
	<p>Қалдықтарды көму үшін арнайы жабдықталған полигонның болмауы</p>
	<p>Әрбір полигонда олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газдары мен қойылған қалдықтарда құралатын сүзінді судың жинау) сулардың мониторингі жүйесінің болуы</p>
	<p>биологиялық іритін қалдықтарды көму көлемін азайту мақсатында қоқыс газды бақылау мен кәдеге жарату жүйелерінің болмауы</p>

	<p>арқылы полигонда метанның құралуын азайту жөні болмауы</p>
	<p>Қалдықтарды көму полигонының қызметі қоршаған саласындағы уәкілетті органмен келісілген мерз экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі болмауы</p>
	<p>Полигонның меншік иесінде полигон жабылғаннан рекультивациялау жөніндегі іс-шаралары және қос өсердің мониторингін жүргізу үшін тарату қорын</p>
	<p>Полигон иесі бекітетін және қоршаған ортаны қорғау уәкілетті органымен келісілген, көмуге қабылдау қалдықтарды қабылдау және сыныптау рәсімдерін құжаттардың болмауы</p>
	<p>Қоршаған ортаға бақылауды, мониторингті және (қоршаған ортаға талдауды жүргізуге меншікті аккредиттелген зертханалармен немесе аккредиттелген зертханалармен шарттың болмауы</p>
	<p>Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір сегіз айға газ мониторингін жүргізбеу</p>
